ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

Садивакасова Фатима Сухрабовна

Тақырыбы «Сәтбаев қаласындағы орталықтандырылған қазандық жобасы»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6В07101-«Энергетика» мамандығы бойынша

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі
PhD, доцент, профессор
_____ Е.А. Сарсенбаев
«06» _____ 2023ж.

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНИТУ им. К.И. Сатпаева»
Институт энергетики и машиностроения

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Сәтбаев қаласындағы орталықтандырылған қазандық жобасы»

«6В07101 – Энергетика» мамандығы бойынша

Орындаған Садиякасова Ф.С.

Сын-пікір беруші
АЭжБУ PhD, «Жылу энергетикалық қондырғылар» кафедрасының доценті
_____ Д.Р. Умышев
(қолы)
«06» 06 2023 ж.

Ғылыми жетекші
Техника ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
_____ А.С. Нығыманова
(қолы)
«06» 06 2023 ж.

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Энергетика және машина жасау институты

«Энергетика» кафедрасы

6В07101-«Энергетика»

БЕКІТЕМІН
«Энергетика» кафедрасының меңгерушісі
PhD, қауымдастырылған профессор
_____Е. А. Сарсенбаев
«18» 01 2023 ж.

Дипломдық жұмыс орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы *Садивакасова Фатима Сухрабовна*
Тақырыбы:*« Сәтбаев қаласындағы орталықтандырылған қазандық жобасы»*
Университеттің академиялық мәселелер бойынша проректоры бекіткен .
Бұйрық . *№_ «30» мамыр 2023 ж*
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі *«30» мамыр 2023 ж.*
Дипломдық жұмыстың бастапқы берілгендері *№1жылулық станциясы қаланы жылу энергиясымен қамтамасыз етудің жалғыз көзі болып табылады және де жылу энергиясын өндіруге негізделген келесі цехтардан тұрады: басты корпус,қазандық бөлімі, химиялық цех,арматуралық цех,бу қазандығы*
Дипломдық жұмыстың қысқаша мазмұны: *Сәтбаев қаласының жылумен қамтамасыз етілуі*
Сызбалық материалдар тізімі *сызбалық материалдар слайдтармен көрсетілген:*
Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: *12 атау.*

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	03.05.2023 ж.	орт
Арнайы бөлім	05.04.2023 ж.	орт

Аяқталған жұмысқа қойылған
кеңесшілер мен норма бақылаушының
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	**Кеңесшілер, А.Ә.Т. (ғылыми дәрежесі, атағы)**	**Қол қойылған күні**	**Қолы**
Негізгі бөлім	А.С.Нығыманова техн.ғыл.магистрі, аға оқытушы	06.06.2023	
Арнайы бөлім	А.С.Нығыманова техн.ғыл.магистрі, аға оқытушы	06.06.2023	
Норма бақылау	Ә. О. Бердібеков, магистр, аға оқытушы	07.06.2023	

Ғылыми жетекші _____ А.С.Нығыманова
(қолы)

Тапсырманы орындауға алған студент _____ Ф.С.Садивакасова
(қолы)

Күні «06» 02 2023 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыста Сәтбаев қаласында орталықтандырылған қазандықты жобалау қарастырылды. №1 жылулық станциясы қаланы жылу энергиясымен қамтамасыз етудің жалғыз көзі болып табылады.

Дипломдық жұмыста бу қазаны БКЗ-75-39Фб және су жылытқыш қазан КВ-ТК-100-150 таңдалды. Қолданылатын отын түрінде Шұбаркөл көмірі алынды. Жылулық схемалары есептелді. Максималды қыстық режимде су жылытқыш қазанның жылулық жүктемесі 504,4 Гкал/сағ-ты құрайды. Ал, орташа жылытылған режимде су жылытқыш қазанның жылулық жүктемесі 274,607 Гкал/сағ-ты құрайды.

АННОТАЦИЯ

В дипломной работе предусмотрено проектирование централизованной котельной в г.Сатпаев. Тепловая станция №1 является единственным источником обеспечения города тепловой энергией.

В данной дипломной работе выбраны паровой котел БКЗ-75-39Фб и водогрейный котел КВ-ТК-100-150. В виде используемого топлива получен шубаркольский уголь. Рассчитаны тепловые схемы. При максимальном зимнем режиме тепловая нагрузка котла водонагревателя составляет 504,4 Гкал/ч. А тепловая нагрузка водогрейного котла в среднем режиме составляет 274,607 Гкал/ч.

ANNOTATION

The diploma project provides for the design of a centralized boiler house in Satpayev. Heat station No. 1 is the only source of providing the city with thermal energy.

In this diploma project, a steam boiler BKZ-75-39Fb and a hot water boiler KV-TK-100-150 were selected. In the form of the fuel used, Shubarkol coal was obtained. Thermal schemes are calculated. At the maximum winter mode, the thermal load of the boiler of the water heater is 504.4 Gcal/h. And the thermal load of the hot water boiler in the average mode is 274.607 Gcal/h.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....7
1 Сәтбаев қаласын жылумен және сумен қамтамасыз ету.....9
1.1 Сәтбаев қаласын жылумен қамтамасыз ету.....9
1.2 Сәтбаев қаласын сумен қамтамасыз ету.....11
2 Сәтбаев қаласындағы орталықтанған қазандықты жобалау.....14
2.1 БКЗ-75-39ФБ қазандығы және оның сипаттамасы.....14
2.2 КВ-ТК-100-150 су жылытқыш қазаны.....17
2.3 Шұбаркөл кені көмірінің сипаттамасы.....20
3 Жылулық схеманы есептеу.....21
3.1 Орталықтанған қазандықтың жылулық схемасын есептеу.....21
3.1.1 Максималды-қыстық режимде орталықтанған қазандық схемасын есептеу.....22
3.1.2 Орташа жылытылған режимде орталықтанған қазандық схемасын есептеу.....30
3.2 Қосымша қондырғыларды есептеу және таңдау.....37
3.2.1 Түтін сорғыны таңдау.....38
3.2.2 Үрлегіш вентиляторды таңдау.....39
3.2.3 Диірменді таңдау.....39
3.2.4 Қоректік насос таңдау.....40
4 Экономикалық негіздеме.....41
Қорытынды.....45
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....46

КІРІСПЕ

Сәтбаев қаласын жылумен ЖШС «Қазақмыс Корпорациясының» электростанция Департаментінің «Жылуэнергетика» мекемесі қамтамасыз етеді.

«Жылуэнергетика» мекемесінің өз балансында екі жылу станция бар: ЖС-1 (Сәтбаев қаласының аудандық қазандығы) және ЖС-2 (Оңтүстік-батыс қазандық).

ЖС-1 станциясынан жылу энергиясы тікелей қала бөлігіндегі тұрғындарға жіберіледі (соның ішінде 70% халыққа, 30% өндірістік мекемеге), ал ЖС-2 станциясынан жылу энергиясы қалаға, жақын орналасқан елді-мекендерге жіберіледі (соның ішінде 30% тұрғындарға, 70% өндірістік мекемеге).

№1 жылулық станциясы қаланы жылу энергиясымен қамтамасыз етудің жалғыз көзі болып табылады және де жылу энергиясын өндіруге негізделген келесі цехтардан тұрады: басты корпус, қазандық бөлімі, химиялық цех, арматуралық цех, көмірқышқыл цехы, бу қазандығы.

ЖС-1 пайдалануға 1964 жылы берілді.

Негізгі қолданатын отын ретінде Борлы жерінен алынатын тас көмірді жағады.

ЖС-1 қазандықтың нақты жылу қуаты 210 Гкал/сағ құрайды.

ЖС-1 қазандықта өндірілген жылу энергиясы Сәтбаев қаласының тұрғындарын жылумен және ыстық сумен қамтамасыз етуге және соған қоса өндірістік мекемені, №3 байыту фабрикасын бумен және ыстық сумен қамтамасыз ету үшін жіберіледі.

Барлық жұмыс істейтін сужылытқыш қазандықтары ПТВП-100 ст. №1, 2, 3, 4 және бу қазандықтарының ДКВр-10/13 ст. №1, 2, 3 пайдалы әсер коэффициенті төмен.

ЖС-1 қазандықтың негізгі және қосымша қондырғыларының көрсеткіштері төмен және оларды жұмыс істеу қабілетінде ұстап тұру үшін қосымша қомақты қаржыны талап етеді. Қазіргі таңда Сәтбаев қаласында жылу энергиясы тапшы болып барады. 2020 жылғы көрсеткіш бойынша ЖС-1,2 өндірген нақты өнімі 350 Гкал/сағ құраса, жылу қолдану 392,3 Гкал/сағ құрады, сол кездің өзінде жылу тапшылығы 42,3 Гкал/сағ құрады. 2025 жылға дейін жылу қолдану 500 Гкал/сағ дейін өседі және де сол уақытта тапшылық 150 Гкал/сағ құрайды деген болжам бар.

Сәтбаев қаласын сумен қамтамасыз ететін 2 су көзі бар: Кеңгір су қоймасы және Ескұла жерасты су көздері. Қала тұрғындарын, әлеуметтік мәдениет үйлерін және өндірістік мекемелерді ауыз сумен «Жылы сумен қамтамасыз ету» мекемесі айналысады. Су құбырының жалпы ұзындығы 511 км, соның ішінде магистральді 132,48 км, кварталды 378,805 км. Ал канализация желісінің ұзындығы 322 км.

Сәтбаев қаласында халық санының өсуіне байланысты, сонымен қатар құрылғылардың қолданысқа берілгеніне біраз уақыттан (40 жыл) асқанына байланысты жүйенің және құрылғының кейбір элементтері ескіріп, іске жарамсыз.

Бұл тапшылықтың алдын алу мақсатында, яғни жылулық станциялардың жылу өнімділігін арттыру үшін ЖС-1 реконструкция керек немесе қалаға орталықтанған қазандық салу керек.

1 Сәтбаев қаласын жылумен және сумен қамтамасыз ету

1.1 Сәтбаев қаласын жылумен қамтамасыз ету

Сәтбаев қаласын жылумен ЖШС «Қазақмыс Корпорациясының» электростанция Департаментінің «Жылуэнергетика» мекемесі қамтамасыз етеді.

«Жылуэнергетика» мекемесінің өз балансында екі жылу станция бар: ЖС-1 (Сәтбаев қаласының аудандық қазандығы) және ЖС-2 (Оңтүстік-батыс қазандық).

ЖС-1 станциясынан жылу энергиясы тікелей қала бөлігіндегі тұрғындарға жіберіледі (соның ішінде 70% халыққа, 30% өндірістік мекемеге), ал ЖС-2 станциясынан жылу энергиясы қалаға, жақын орналасқан елді-мекендерге жіберіледі (соның ішінде 30% тұрғындарға, 70% өндірістік мекемеге).

№1 жылулық станциясы қаланы жылу энергиясымен қамтамасыз етудің жалғыз көзі болып табылады және де жылу энергиясын өндіруге негізделген келесі цехтардан тұрады: басты корпус, қазандық бөлімі, химиялық цех, арматуралық цех, көмірқышқыл цехі, бу қазандығы.

ЖС-1 пайдалануға 1964 жылы берілді.

Негізгі қолданатын жанармай ретінде Борлы жерінен алынатын тас көмірді жағады.

ЖС-1 қазандықтың нақты жылу қуаты 210 Гкал/сағ құрайды.

ЖС-1 қазандықта өндірілген жылу энергиясы Сәтбаев қаласының тұрғындарын жылумен және ыстық сумен қамтамасыз етуге және соған қоса өндірістік мекемені, №3 байыту фабрикасын бумен және ыстық сумен қамтамасыз ету үшін жіберіледі.

Барлық жұмыс істейтін сужылытқыш қазандықтары ПТВП-100 ст. №1, 2, 3, 4 және бу қазандықтарының ДКВр-10/13 ст. №1, 2, 3 пайдалы әсер коэффициенті төмен.

ЖС-1 қазандықтың негізгі және қосымша қондырғыларының көрсеткіштері төмен және оларды жұмыс істеу қабілетінде ұстап тұру үшін қосымша қомақты қаржыны талап етеді. Қазіргі таңда Сәтбаев қаласында жылу энергиясы тапшы болып барады. 2009 жылғы көрсеткіш бойынша ЖС-1,2 өндірген нақты өнімі 350 Гкал/сағ құраса, жылу қолдану 392,3 Гкал/сағ құрады, сол кездің өзінде жылу тапшылығы 42,3 Гкал/сағ құрады. 2025 жылға дейін жылу қолдану 500 Гкал/сағ дейін өседі және де сол уақытта тапшылық 150 Гкал/сағ құрайды деген болжам бар /1/.

Бұл тапшылықтың алдын алу мақсатында, яғни жылулық станциялырдың жылу өнімділігін арттыру үшін ЖС-1 реконструкция керек немесе қалаға орталықтанған қазандық салу керек.


Кафе Аділ
4 Мектеп
Школа-гимназия №1
Әкімшілік
Дворец спорта
Абай көшесі
Тәуелсіздік даңғылы
Ерден көшесі
Жеңіс көшесі
Ул. Курмангазы
Сәтбаев даңғылы
Гурба көшесі
Ул. Абылова
Ул. Кенесары
Ул. Сырым-Арка
Ул. Шаталов
Ул. Кенесбаев
Ул. Кусаинов
Ул. Байсеитова
Ул. Мамышулы
Ул. Бурмашева
Ул. Байконуров
Ул. Сарыкемер
Ул. Ул. Ул.
Ул. Ул. Ул.
Ул. Ул. Ул.



1.2-сурет – Сәтбаев қаласындағы жобаланып отырған жылулық станцияның орналасатын жері

1.2 Сәтбаев қаласын сумен қамтамасыз ету

Сәтбаев қаласын сумен қамтамасыз ететін 2 су көзі бар: Кеңгір су қоймасы және Есқұла жерасты су көздері. Қала тұрғындарын, әлеуметтік мәдениет үйлерін және өндірістік мекемелерді ауыз сумен «Жылы сумен қамтамасыз ету» мекемесі айналысады. Су құбырының жалпы ұзындығы 511 км, соның ішінде магистральді 132,48 км, кварталды 378,805 км. Ал канализация желісінің ұзындығы 322 км.

Сәтбаев қаласында халық санының өсуіне байланысты, сонымен қатар құрылғылардың қолданысқа берілгеніне біраз уақыттан (40 жыл) асқанына байланысты жүйенің және құрылғының кейбір элементтері ескіріп, іске жарамсыз.

а)



Қаңтар айы Сәуір айы Қазан ай

б)



в)

Ай	Абсолют. минимум	Орташа минимум	Орташа	Орташа максимум	Абсолют. максимум
Қантар	-40.0 (1950)	-17.6	-13.0	-8.5	5.0 (2002)
Ақпан	-41.1 (1951)	-17.3	-12.3	-7.1	9.0 (1973)
Наурыз	-36.1 (1954)	-9.0	-4.5	0.6	27.4 (2014)
Сәуір	-15.6 (2005)	2.2	8.6	15.7	34.2 (2006)
Мамыр	-6.6 (1985)	8.7	16.2	23.4	37.2 (1961)
Маусым	-2.2 (1970)	14.5	22.6	29.9	43.0 (1988)
Шілде	3.9 (1956)	16.8	24.4	31.3	42.2 (1953)
Тамыз	-2.6 (1982)	14.4	22.5	29.8	42.4 (2002)
Қыркүйек	-11.4 (1993)	7.1	15.2	23.2	39.9 (1998)
Қазан	-19.0 (1976)	-0.1	6.3	13.7	30.5 (1997)
Қараша	-37.2 (1953)	-7.1	-2.8	2.2	22.0 (1973)
Желтоқсан	-40.0 (1976)	-14.6	-10.2	-5.7	9.8 (1989)
Жыл	-41.1 (1951)	-0.2	6.1	12.4	43.0 (1988)



а - желдің соғу бағыты; б - ауа райы сипаттамасы; в - бірнеше жыл ішіндегі орташа температура.

1.3-сурет – Сәтбаев қаласының ауа райының сипаттамасы

World-weahter.ru және pogodaiklimat.ru ақпараттық желінің мәлімдеуінше Сәтбаев қаласында желдің бағыты батыстан шығысқа (1.3-сурет, а) қарай соғады /2/. Сәтбаев қаласында жылулық станциясының орналасқан жерін (1.1-сурет) қарастыра отырып, жылулық станциясынан шығатын түтін қалаға қарай бағытталатынын байқаймыз. Сонымен қатар, жоғарыда айтып өткендей, ЖС-1 қазандықтың негізгі және қосымша қондырғыларының көрсеткіштері және оларды жұмыс істеу қабілетінде ұстап тұру үшін қосымша қомақты қаржыны талап ететін және қазіргі таңда Сәтбаев қаласында жылу энергиясы тапшы болып отырғанын ескере отырып, Сәтбаев қаласында жаңа орталықтанған қазандық салуды жобалау керек.

2 Сәтбаев қаласындағы орталықтанған қазандықты жобалау

2.1 БКЗ-75-39ФБ қазандығы және оның сипаттамасы

Блокты конструкциялы қазан қоңыр көмір, тас көмір және номиналды бу өндіргіштігі 75 т/сағ, басты бу запорлы задвижка артындағы қысым 4,0 МПа (40 кгс/см^2) , қыздыру температурасы 440 ^{o}С болатын фресторфта жұмыс істеуге арналған.

Қазанның жалпы көрінісі (2.1-сурет) төменде берілген /3/.



I – жану камерасы: 1 – оттықтар; II – айналмалы газ құбыры: 2 - I сатылы бу қыздырғыш; 3 - II сатылы бу қыздырғыш; III – конвективті шахта: 4 – II сатылы экономайзер; 5 – II сатылы ауа жылытқыш; 6 – I сатылы экономайзер; 7 – I сатылы ауа жылытқыш; IV – барабан; V – шығарылған циклондар; VI – коллекторлар; VII – күл шығаратын жер; VIII – отын жағатын оттық.

2.1-сурет – БКЗ-75-39ФБ типті тас көмірді жағуға арналған қазан агрегаттың жалпы схемасы



1 - қазан барабаны; 2 - шығарғыш циклондар (буланудың үшінші сатысы); 3 - буланудың бірінші сатысына қосылған, жақтық қалқанның алдыңғы бөлігінің жоғарғы және төменгі коллекторлары; 4 - буланудың екінші сатысына қосылған жақтық қалқанның орта бөлігінің коллекторлары; 5 - буланудың үшінші сатысына (шығарғыш қалқандар) қосылған жақтық қалқанның артқы бөлігінің жоғарғы және төменгі коллекторлары; 6 - буланудың бірінші сатысына қосылған алдағы қалқанның коллекторлары; 7 - буланудың бірінші сатысына қосылған артқы қалған коллекторлары; 8 - конвективті бу қыздырғыш; 9 - бу қыздырғыштың алдын-ала қосылған ілгіші; 10 - қыздырудың беттік реттегіші; 11 - бу қыздырғыштың аралық камерасы;12 - бу қыздырғыштың шығатын камерасы; 13 - су экономайзерінің шығатын камерасы; 14 - су экономайзерінің төменгі бөлігі; 15- су экономайзерінің жоғарғы бөлігі.

2.2-сурет – БКЗ-75-39ФБ типті бу қазанының циркуляциялық сұлбасы

Қазан табиғи циркуляциялы, бір барабанды, П тәрізді компановкалы. Қазанның негізгі элементтері: пайдалы көлемі 454 м^3 суық воронкалы және фестонды толықтай қалқандалған оттық камера; секциялар арасында бөлек қосылған, екі секциялы қыздыруды беттік реттегіші бар, вертикальды змеевикті типті конвективті буды аса қыздырғыш; қайнағыш типті екі секциялы змеевикті сулық экономайзер және бөлек қосылған үш секциялы құбырлы ауа қыздырғыштар орналасқан конвективті шахта. Қазанның булану сұлбасы үш сатылы, тұздық құрамы 350 мг/л-ге дейінгі сумен қоректенуге есептелген.

Оттық экрандар жеке сегіз контурға бөлінген және қазан барабанымен бірге циркуляциялық жүйе құрайды, оның схемасы 2.2-сурет.

Барабанда бірінші сатылы буланудың таза бөлімі және барабан ішілік циклондармен жабдықталған екінші сатылы буланудың екі тұзды бөлімі барабан торцында орналасқан /4/.

Буланудың үшінші сатысы диаметрі 337 мм екі шығарғыш циклонды қосады. Циклоннан шығатын бу барабанның таза бөлігіне келіп түседі. Алдағы және арттағы қалқандар буланудың бірінші сатысына қосылған.

Бу қыздырғыш конвективті, диаметрі 38 мм құбырлары коридорлы орналасқан вертикальді құбырлары бар, екі блоктан жасалынған. Будың қыздырғыштың змеевигі бойынша қозғалыс сұлбасы 2.2 суретте көрсетілген.

Сулы экономайзер – қайнаулы типті, тегіс құбырлы, диаметрі 32мм құбырлардан тұратын змеевикті, үш блок.

Ауа қыздырғыш диаметрі 40 мм вертикальді типті құбырлы, ауа бойынша төрт жүрісті. Бу қыздырғыштың шығу секциясы су экономайзерінің секциялары арасында бөлініп орналасқан.

Тас көмірді жағу үшін қазанның оттық камерасы, қазанның алдында орналасқан үш шаң-көмірлі жанарғымен немесе әр жақ қабырғаларға екі жанарғыдан орналасқан төрт шаң-көмірлі жанарғылармен жабдықталады.

Шаң-көмірлі жанарғылар жағылатын отын маркасына сәйкес таңдалады. Фрезерлік торфты жағу үшін оттық камера қазанның алдында орналасқан, отынды және ауаны жіңішке ағынмен беретін екі диірмендік шахтамен жабдықталады. Фрезерлік торфты тұрақты жануын қамтамасыз ету үшін оттық камераның жақтық қалқан беттерінің бөлігі амбразур деңгейінде қалыңдатылады. Ол үшін жақтық қалқанның төменгі бөлігі диаметрі 60 мм , қабырға қалыңдығы 4мм,ған қылқандары бар балқытылып қосылған қылқандардан жасалады да, хромдық массамен жалатылады.

Қоңыр көмірді жағу үшін оттық камера ашық амбразура және эжекциялық соплосы бар екі диірмендік шахтамен жабдықталады.

Қажеттілігіне қарай қазандық қондырғы экономайзер және ауа қыздырғыштың қыздыру бетін дробевой тазалауға арналған қондырғымен жабдықталуы мүмкін. Оттық қалқанын және бу қыздырғышты тазалау стационарлық үрлегіш қондырғылармен жүргізіледі.

Қазан каркасы – металдан жасалған бақытылып қосылған конструкциялы, қапталған. Обмуровкасы – үш қабаттықазан каркасына бекітілетін, жеңілдетілген типті плита түрінде жасалған. Обмурока қалыңдығы 265 мм, құбырмен жабылмаған жерлері 320 мм.

Қазан қондырғылары барлық қажетті реттеуші және тиекті арматурамен, температураны, бу қысымын, барабандағы су деңгейін қадағалайтын қондырғымен жабдықталған /5/.

Қызмет көрсету ыңғайлы болу үшін қазан агрегаты тұғыр және сатымен, ал оттық камерасы лазамен және қарағышпен жабдықталған. Қазан агрегаты үлкен транспортабельді блокпен әкелінеді.

2.2 КВ-ТК-100-150 су жылытқыш қазаны

КВ-ТК-100-150 (КВ-Р-116,3-150) қазаны – бұл қазанның төбелі қаңқа жабынына ілінген еріксіз айналмасы бар тік-су құбырлы және теңестірілген тартымы бар мұнаралы құрылымды су жылытқыш. Ауаны қыздыру бөлек газ жүрісінде орналастырылған ауа қыздырғышта жүзеге асырылады.

1-кесте – Қазанның техникалық сипаттамасы

Жылу өнімділігі, МВт(Гкал/сағ)	100 (116,3)
Судың температурасы	
Қазанға кірер кезде, °С	70
Қазаннан шығар кезде, °С	150
Су шығыны, т/сағ (кг/с)	1240 (344,4)
Қазанға кірер кездегі желілік судың максимальды қысым (артық), МПа(кгс/см^2)	2,5 (25)
Қазаннан шығар кездегі желілік судың минимальды жұмыстық қысымы (артық) , МПа (кгс/см^2)	1,1 (11)
Жылу өнімділігін реттеуші жұмыстық ауқым, %	60-100
Қазанның ПӘК-і, %	90,5
NOx азот оксидтерінің қалдығы (а=1,4 болғанда), мг/нм^3	<400
Күл қалдықтары	
- қазандықтан, г/нм^3	22
- электрофильтрден (электрофильтрдің ПӘКі 99,0% болғанда), г/нм^3	0,23
Жұмсалатын газдардың температурасы, °С	160
Ауа қыздырғышқа кірер кездегі ауаның температурасы , °С	50
Ыстық ауаның температурасы, °С	350

* Шаманың мәндері тапсырыс берушінің келісімімен қабылданады.

Қазанның оттық камерасына тоқталатын болсақ, призмалы пішіндегі оттық камера, оттыққа бытырыңқы ауаның сорылуын төмендетуге және жоғары тиімділікті жеңілдетілген жылылықты оқшаулауды қолдануға мүмкіндік беретін, зауытта жасалған тұтас дәнекерленген мембраналық панельдерден дайындалатын, газ секілді тығыз блокты құрылымнан тұрады. Оттықтың төменгі бөлігіндегі алдыңғы және артқы экрандар көлденең 50º бұрышпен еңіс қалыптастырады.

Оттық қабырғаларының қатаңдығы мен беріктігі қатаңдықтың көлденең белдеулі оттығының периметрі бойынша орналастырылуымен қамтамасыз етіледі. Оттық қыздыру беттерін жөндеу мен қызмет көрсету үшін және оттықты үрдісті бақылау мен өлшеуді ұйымдастыру үшін қажетті мөлшердегі гарнитуралармен (люктар мен тар жолдар) жабдықталады.

Қазанның оттықты-жанарғылы қондырғысы – бұл бір қабатқа тангенциальды орнатылған төрт тік жанарғы мен төменгі үрлеме жүйесі.

Қазанда, төменгі үрлеменің шүмегі арқылы суық құйғышқа екінші ретті ауа үлесінің берілісінің көмегімен, отынның сатылы жануы жүзеге асырылған. Бұл азот оксидтері қалдықтарының нормативтік мәндерін қамтамасыз етеді. Төменгі үрлеме жүйесі оттықтағы қалдықтың азаюына, шаңкөмірді отынның мазутты алаусыз жарықтандырусыз жағуының тұрақтылық ауқымын ұлғайтуға мүмкіндік береді және оттықтан шығар кездегі суық құйғыш экрандарының жылу қабылдағышын ұлғайту арқылы газ температурасын төмендетеді /6/.

Қазанды жағу үшін негізгі жанарғылардың жанында орналасатын, төрт мазуттық жанарғылар қарастырылған. Әрбір мазуттық жанарғы қашықтықты жағу қондырғыларымен және тұтандырғыштың, жанарғы мен алаудың іріктемелі бақылау қондырғыларымен жинақталады (ЗСУ-ПИ-45). Пропанды-бутан қоспасы тұтандырғыштың жағу отыны болып табылады.

- Оттықты камерадан шығар кезде мембраналы қалқалар орналастырылған. Қалқадан кейін газдар жүрісі бойынша конвективті шахматтық шоғыр орналасқан.

Шлакты жою – қатты, үздіксіз, механикаландырылған шлак ұнтақтағыш. Оттықтан түсетін шлакты тасу үздіксіз әрекеттегі бұрандалы шнекті тасымалдағыштың көмегімен жүзеге асырылады. Оттық тұрақты гидравликалық бекітпеден және шлакты жою жүйесінен тұрады. Ол оттыққа ауаның сорылуын болдырмайды және экранның жылулық орын ауыстыруын қалыпна келтіруге мүмкіндік береді.

- Түсірмелі газ жүрісінде ауа бойынша 3 жүрісті құбырлы ауа қыздырғыш орнатылған. Ауа қыздырғыштың текшелері, төменгі текшелерден басқасы, бір-біріне және қазанның түсірмелі газ жүрісі қаңқасының жақтауына сүйенеді және қыздырған кезде жоғары қарай ұлғаяды. Төменгі текшелер түсірмелі газ жүрісінің қаңқасына ілініп қойылған және қыздыру кезінде төмен қарай ұлғаяды.

Қайта қосу газ жүрістерінде жылулық орын ауыстыруларды қалпына келтіру үшін өтемдеуіштер орнатылған.

Қайта қосу газ қораптарындағы (оттықтан түсірмелі газ жүрісіне) күл тұтқыштар ауа қыздырғыш текшелер құбырларының күлдік тозуын азайтады.

- Қазанның қаңқасы кеңістікті құрылымнан, қаттыланған беларқалардан және күштік аудандар мен қиғаштап қойылған тіректерден тұрады.

Қаңқаның металдық құрылымы қазандықтар элементінен түсетін жүктемелерге, жөндеу жүктемесіне, газ-ауа өткізгіштен және қазанның құбыр өткізгішінен түсірілетін жүктемелеріне есептелінеді.

Сұйық отынның, жөндегіш тар жолдардың бүріккіштерімен жабдықталған, жанарғы аймақтарында қазанға қызмет көрсету аудандары мен ұлғайтылған жөндегіш аудандардың жабыны кедір-бұдырлы беттік болаттан жасалады.

Жеткізу қазанның қаңасының металл құрылымынан, аудандардан, тұғырлардан, баспалдақтардан, қошаулар мен басқа да элементтерден тұрады.

- Оттықтың экрандық қыздыру беттерін шөгінділерден тазалау үшін, оттықтың бүйір қабырғасында орнатылатын, ОВД типті сулық үрлегіш аппарат қолданылады. Сулық үрлегіш аппараттар үшін жұмыстық агент ретінде техникалық су қызмет етеді.

Қалқалар мен конвективті пакеттерді шөгінділерден тазалау үшін терең жылжымалы ОГ типті булық үрлегіш аппарат қолданылады.

Булық үрлегіш аппараттар үшін жұмыстық агент ретінде қатты қыздырылған бу қызмет етеді.

Ауа қыздырғышының қыздыру беттерін шөгінділерден тазалау үшін тырнауыш типті булық үрлегіш аппараттар қолданылады.

2.3 Шұбаркөл кені көмірінің сипаттамасы

Шұбаркөл кені Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы аймағында орналасқан. Кенді өнеркәсіптік игеру 1985 жылы басталды. Кеннің қоры шамамен 2 млрд. т құрайды; көмір ұзын жалынды, аз күлді және аз күіртті – бұл құнды энергетикалық жанармай және де синтетикалық жанармай алатын шикізат болып табылады.

2-кесте – Көмір күлінің химиялық құрамы, %

	SiO_2	Al_2O_3	Fe_2O_3	CaO	MgO	TiO_2	P_2O_5	SO_3
күл	59,98	18,26	12,25	0,93	1,69	1,03	0,14	1,68

Шұбаркөл кені көмірі салыстырмалы түрде аз күлді болып келеді, орташа күл қалуы 5,27% құрайды. Көмір ылғалдылығы 9-20% құрайды, күкірттілігі 0,2-0,4%. Жанармай жануының төмен жылуы 21-32 МДж/кг құрайды.

Шұбаркөл көмірінің жұмыстық массасы және оның қарапайым құрамы төмендегі кестеде берілген.

3-кесте – Отынның қарапайым құрамы және оның жұмыстық массасы Q_H^P

Бастапқы мәліметтері	
1	2
Атауы, белгіленуі, өлшем бірлігі	Шамасы
Көміртегі, C_P, %	53,6
Сутегі, H_P, %	5,14
Оттегі, O_P, %	16,73
Азот, N_P, %	1,59
Күкірт, S_P, %	0,37
Ылғалдылық, W_P, %	17,3

Күлділік, A_P, %	5,27
Барлығы, %	
Төменгі жану жылуы, Q_H^P, МДж/кг	21,25
Жанатын массаға ұшпаның шығуы, $V^г$ %	42,1

3 Жылулық схеманы есептеу

3.1 Орталықтанған қазандықтың жылулық схемасын есептеу

Бу қазаны: БКЗ-75-39ФБ, 1 дана;
Су жылытқыш қазан: КВ-ТК-100-150, 5 дана;
Отын түрі: Шұбаркөл көмірі.

4-кесте – Бу қазанының бастапқы мәліметтері

БКЗ-75-39ФБ	
1	2
Атауы, белгіленуі, өлшем бірлігі	Шамасы
Бу өндіргіштігі, т/сағ	75
Басты бу запорлы задвижка артындағы қысым, МПа	4,0
Барабандағы қысым, МПа	4,4
ГПЗ үшін бу температурасы, ºС	440
Қоректік су температурасы, ºС	145
Шығар газ температурасы $t_{ух}$, ºС	131
Есептік ПӘК (брутто), %	89,3
Жанармай шығыны, т/сағ, м^3/сағ	10,5
$t_{ух}$ температурасы кезіндегі жанатын продукт көлемі, мың. м^3/сағ	129

5-кесте – Су жылытқыш қазанның бастапқы мәліметтері

КВ-ТК-100-150	
1	2
Атауы, белгіленуі, өлшем бірлігі	Шамасы
Жылу өндіргіштігі, Гкал/сағ	100
Судың температурасы, ºС	150
Судың қысымы, МПа	2,4
Қоректік судың температурасы, ºС	70
Шығар газ температурасы $t_{ух}$, ºС	385
Жұмсалатын газдардың температурасы, ºС	160
Ауа қыздырғышқа кірер кездегі ауаның температурасы, ºС	50
Ыстық ауаның температурасы, ºС	350

3.1.1 Максималды-қыстық режимде орталықтанған қазандық схемасын есептеу

6-кесте – Максималды-қыстық режимде жылулық схеманы есептеу

№	Есептік шама атауы	Мағы-насы	Өлшем бірлігі	Есептеу формуласы	Максималды-қыстық режим, t_o^p=-41 °С
	1	2	3	4	5
1	Бу бойынша қазан-дықтың сыртқы жылулық жүктемесі: р=44 кгс/см^2; 440 °С	$D_{вн}^{40}$	т/сағ	-	75
2	Бу қазаны (70 °С дейін қыздыру)	$D_{ауа}^{уд'}$	кг/т	-	48
3	Су жылытқыш қазан (30 °С дейін қыздыру)	$D_{ауа}^{уд''}$	кг/Гкал	-	36
4	Жылыту және желдету	$Q_{о.в}$	Гкал/сағ	-	502
5	Ыстық сумен жабдықтау	$Q_{гвс}$	Гкал/сағ	-	0,013
6	Жылу желісіне клетін жылу суммарлық қосындысы	$Q_{жж}$	Гкал/сағ	$Q_{о.в} + Q_{гвс}$	502,013
7	Түсуші сызық	$t_{түсу}^{р}$	°С	-	150
8	Кері кайтару желісі	$t_{кері}^{р}$	°С	-	70
9	Жылу желісіндегі судың орташа температурасы	$t_{от}^{ср}$	°С	-	115
10	Жылулық желісінің суммарлық қосындысы	$v_{тс}$	м^3	$Q_{жил}^{р} \cdot A_{нж}$	4300
11	Бастапқы (салқын) су температурасы	$t'_{баст}$	°С	СНиП бойынша	5
12	ЫСҚ жүйесі үшін судың есептік температурасы	$t_{гвс}$	°С	СНиП бойынша	65

6 кестенің жалғасы

	1	2	3	4	5
13	Химиялық су тазалауға келетін бастапқы су температурасы	$t''_{баст}$	°С	қабылданады	30
14	Қазандыққа берілетін химиялық тазаланған су температурасы	$t'_{х.т}$	°С	-	28
15	Тұтынушыға берілетін бу конденсатының жоғалуы (суммарлық)	b	%	Есеп бойынша	30
16	Кері қайтарылатын конденсат температурасы	$t_к^{кері}$	°С	Есеп бойынша	70

I. Сыртқы тұтынушылар әсерімен жылу (бу) жоғалту /7/:

1 Ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесімен болатын су шығыны, т/сағ:

$$G_{ыс} = \frac{Q_{гвс} \cdot 10^3}{t_{гвс} - t_{хол}}, \quad (1)$$

$$G_{ыс} = \frac{0{,}013 \cdot 10^3}{65 - 5} = 0{,}2.$$

2 Жылу жүйесінен су ағу, т/сағ:

$$G_{ут} = 0.005 \cdot V_{жж}, \quad (2)$$

$$G_{ут} = 0.005 \cdot 4300 = 21{,}5.$$

3 Қоректендіргіш (подпиточный) су мөлшері, т/сағ:

$$G_{подп} = G_{гв} + G_{ут}, \quad (3)$$

$$G_{подп} = 0{,}2 + 21{,}5 = 21{,}7.$$

4 Қоректендіргіш су температурасы, °С:

$$t_{ппв} = 40.$$

5 Қоректендіргіш сумен келетін жылу, Гкал/сағ:

$$Q_{ппв} = G_{подп} \cdot t_{ппв} \cdot 10^{-3}, \quad (4)$$

$$Q_{ппв} = 21{,}7 \cdot 40 \cdot 10^{-3} = 0{,}868\,.$$

6 Су дайындау қондырғысының жылулық жүктемесі, Гкал/сағ:

$$Q_{вп} = Q_{тс} + G_{ут}\left(t_{жж}^{ор} - t_{хол}\right) \cdot 10^{-3} - Q_{ппв}, \quad (5)$$

$$Q_{вп} = 502{,}013 + 21{,}5(115 - 5) \cdot 10^{-3} - 0{,}868 = 504{,}4.$$

7 Су жылытқыш қазандардың жылулық жүктемесі, Гкал/сағ:

$$Q_{вк} = 500\,.$$

8 Деаэраторға жұмсалатын бу шығыны, т/сағ:

$$D_{дсв} = G_{подп} \frac{t_{подп} - t_{х.т} \cdot \eta}{(i_{гр} - t_{х.т})\eta}\,, \quad (6)$$

$$D_{дсв} = 21{,}7 \frac{40 - 28 \cdot 0{,}98}{(700 - 28)98} = 0{,}48.$$

9 Жылу жүйесін қоректендіруге химиялық тазаланған су шығыны, т/сағ:

$$G_{х.т}^{подп} = G_{подп} - G_{дсв}\,, \quad (7)$$

$$G_{х.т}^{подп} = 21{,}7 - 0{,}48 = 21{,}22.$$

10 Жылу жүйесін қоректендіру үшін СХТ-ға жұмсалатын шикі су шығыны, т/сағ:

$$G_{шик}^{подп} = 1.25 \cdot G_{х.т}^{подп}\,, \quad (8)$$

$$G_{шик}^{подп} = 1.25 \cdot 21{,}22 = 26{,}525.$$

11 Шикі суды жылытқышқа жұмсалатын бу шығыны, т/сағ:

$$D_{шикі}^{подп} = G_{шикі}^{подп} \cdot \frac{t''_{шикі} - t'_{шикі}}{(i_{гр} - \overline{t_{кон}}) \cdot \eta}, \quad (9)$$

$$D_{шикі}^{подп} = 26{,}525 \cdot \frac{30-5}{(700-158) \cdot 0{,}98} = 1{,}25 .$$

12 Бу эжекторына жұмсалатын бу шығыны, т/сағ:

$$D_{зж} = 1{,}0 .$$

13 Сыртқы тұтынушылар тұтынған будың 40 кгс/см^2 жалпы шығыны, т/сағ:

$$\sum D_{вн}^{40} = \frac{i_{ред} - \overline{t_{др}}}{i_{св} \cdot \eta_{роу} - \overline{t_{др}}} + D_{вн}^{40}, \quad (10)$$

$$\sum D_{вн}^{40} = \frac{700 - 104}{790 \cdot 0{,}98 - 104} + 75 = 75 .$$

II. Қазандықтардың өзіндік қажеттіліктеріне жұмсалатын бу шығыны /8/:

14 Қазандықтың жалпы буөндіргіштігінің пайыздық мөлшердегі бастапқы бағасы бойынша қазандықтың өз қажеттілігіне жұмсалатын бу шығыны, %:

k'=24.

15 Циклда жылу жоғалтуды есепке ала отырып, бастапқы бағасы бойынша қазандықтың буөндіргіштігі, т/сағ:

$$D'_k = \frac{\sum D_{вн}^{40}}{\left(1 - \frac{k'}{100}\right) \cdot 0{,}97}, \quad (11)$$

$$D'_k = \frac{75}{\left(1 - \frac{24}{100}\right) \cdot 0{,}97} = 101{,}4 .$$

16 Бу қазанының үздіксіз үрлеу мөлшері, %:

X=3.

17 Бу қазанында үрлеп тазартылатын су мөлшері, т/сағ:

$$G_{пр.в} = \frac{x}{100} \cdot D'_k, \quad (12)$$

$$G_{пр.в} = \frac{3}{100} \cdot 101{,}4 = 3{,}04.$$

18 Үрлеп тазартылатын су энтальпиясы ($p_{бар}$ = 44кгс/см^3), ккал/сағ :

$$\overline{t_{пр.в}} = 265{,}1 \ .$$

19 Үздіксіз үрлеу кеңейткішіндегі бу қысымы, кгс/см^3:

$$p_{р.н.п} = 2 \ .$$

20 Кеңейткіш арқылы берілетін құрғақ қаныққан бу энтальпиясы, ккал/кг:

$$i_{р.н.п} = 646 \ .$$

21 $p_{р.н.п}$ қысым кезінде сепарацияланған үрлеп тазартылған су энтальпиясы, ккал/кг:

$$\bar{t}_{р.н.п} = 120 \ .$$

22 Үрлеу сепарациясының коэффициенті:

$$\alpha = \frac{\overline{t_{пр.в}} \cdot 0.98 - \bar{t}_{р.н.п}}{i_{р.н.п} - \bar{t}_{р.н.п}} \ , \qquad (13)$$

$$\alpha = \frac{265{,}1 \cdot 0.98 - 120}{646 - 120} = 0{,}27 \ .$$

23 Сепарацияланған бу мөлшері, т/сағ:

$$D_{сеп} = \alpha \cdot G_{пр.в}, \qquad (14)$$

$$D_{сеп} = 0{,}27 \cdot 3{,}04 = 0{,}81.$$

24 Сепарацияланған үрлеп тазартылған су мөлшері, т/сағ:

$$G_{сеп} = G_{пр.в} - D_{сеп} \ , \qquad (15)$$

$$G_{сеп} = 3.04 - 0.81 = 2{,}23 \ .$$

25 Тұтынушыларда конденсат жоғалту, т/сағ:

$$\Delta G_k = \frac{в}{100} D_{вн}^{40} \ , \qquad (16)$$

$$\Delta G_k = \frac{30}{100} \cdot 75 = 22{,}5 \ .$$

III. Бу қазаны цикліндегі су жоғалту және соны жүзеге асыратын қосымша химиялық тазартылған су жоғалтулары:

26 Үрлеп тазартылатын су, т/сағ:

$$G_{сеп} = 2{,}23\ .$$

27 Өндірісік конденсат, т/сағ:

$$\Delta G_k = 22{,}5\ .$$

28 Жылытатын бу конденсаты, т/сағ:

$$D_{дсв} = 0{,}48\ .$$

29 Циклдағы жоғалтулар, т/сағ:

$$\Delta G_{цик} = 0{,}03 \cdot D'_k\ , \qquad (17)$$

$$\Delta G_{цик} = 0{,}03 \cdot 101{,}4 = 3{,}04\ .$$

30 Химиялық тазаланған үстеме су, т/сағ:

$$G^{пк}_{х.т} = G_{сеп} + \Delta G_k + D_{дсв} + \Delta G_{цик}\ , \qquad (18)$$

$$G^{пк}_{х.т} = 2{,}23 + 22{,}5 + 0{,}48 + 3{,}04 = 28{,}25\ .$$

31 25% мөлшерде СХТ өзіндік қажеттіліктеріне жұмсалатын шығындарын ескергендегі бу қазанының СХТ кететін бастапқы су шығыны, т/сағ:

$$G^{цк}_{баст.} = 1{,}25\ G^{пк}_{х.т}\ , \qquad (19)$$

$$G^{цк}_{баст.} = 1{,}25 \cdot 28{,}25 = 35{,}3\ .$$

32 Үздіксіз үрлеу жылуалмастырғышындағы бастапқы суды жылыту, ^{o}C:

$$t''_{баст} = \frac{G_{сеп}}{G^{цк}_{баст.}}\left(\bar{t}_{р.н.п}\,\eta - t'''_{р.н.п}\right) + t'_{баст} \qquad (20)$$

$$t''_{баст} = \frac{2{,}23}{35{,}3}(120 \cdot 0{,}98 - 50) + 5 = 9{,}3.$$

33 Бастапқы су ПВП-на жұмсалатын бу шығыны, т/сағ:

$$D_{пвп}^{баст} = G_{баст} \cdot \frac{t_{баст}''' - t_{баст}''}{(i_{гр} - \bar{t}_к)\eta}, \quad (21)$$

$$D_{пвп}^{баст} = 35{,}3 \cdot \frac{30 - 9{,}3}{(700 - 158)0{,}98} = 1{,}38\,.$$

34 Бу қазанымен жұмсалатын қоректендіргіш су шығыны, т/сағ:

$$G_{пв}^{пк} = D_k'(1 + x), \quad (22)$$

$$G_{пв}^{пк} = 101{,}4 \cdot (1 + 0{,}03) = 104{,}44\,.$$

35 ПВД-ға жұмсалатын бу шығыны, т/сағ:

$$D_{пвд} = G_{пв}^{пк} \cdot \frac{t_{пв}'' - t_{пв}'}{(i_{гр} - \bar{t}_к)\eta}, \quad (23)$$

$$D_{пвд} = 104{,}44 \cdot \frac{145 - 104}{(700 - 158)0{,}98} = 8{,}1\,.$$

36 Қазанның калориферіне жұмсалатын бу шығыны, т/сағ:

$$D_{кал}^{п} = D_k' \cdot D_{ауа}^{уд'} \cdot 10^{-3}, \quad (24)$$

$$D_{кал}^{п} = 101{,}4 \cdot 48 \cdot 10^{-3} = 4{,}87\,.$$

37 Су жылытқыш қазанның калориферіне жұмсалатын бу шығыны, т/сағ:

$$D_{кал}^{в} = Q_{вк} \cdot D_{ауа}^{уд''} \cdot 10^{-3}, \quad (25)$$

$$D_{кал}^{в} = 500 \cdot 36 \cdot 10^{-3} = 18\,.$$

38 ПВП мен калориферден деаэраторға кіретін конденсат ағынының жалпы массасы, т/сағ:

$$\sum G_к^{пвп} = G_{шик}^{подп} + D_{пвп}^{баст} + G_{пв}^{пк} + D_{кал}^{п} + D_{кал}^{в}, \quad (26)$$

$$\sum G_к^{пвп} = 1{,}25 + 1{,}38 + 8{,}1 + 4{,}87 + 18 = 33{,}6\,.$$

39 Конденсаттық бактан деаэраторға кіретін конденсат ағынының жалпы массасы, т/сағ:

